

Жобаның қысқаша мәліметі

Атауы	AP22686474 «Қазақ даласы ойшылдарының әлем мұрағаттарындағы арабтілді дереккөздер антологиясы».
Өзектілігі	Жобаның идеясы әлем мұрағаттарындағы қазақ жерінен шыққан қайраткерлердің ғылыми мұрасын араб тіліндегі дереккөздерге сүйеніп саралауға және әлемдік ғылым саласына қосқан үлесін айқындауға бағытталған. Орта ғасырларда халықаралық байланыс тілі араб тілі болғандықтан, араб тіліндегі дереккөздер әлемнің түкпір-түкпіріндегі мұрағаттарға таралып сақталған. Алдыңғы ғасырдың орта шенінен бері қазақ ғалымдарына қатысты қолжазбалардың бір бөлігіне қол жеткізілсе, көпшілік бөлігі әлі зерттелмеген, ғылыми айналымға енген. Сондықтан әлемдік дәрежедегі ірі мұрағаттарды жүйелі зерттеу арқылы осы олқылықтың орнын толтыруды мақсат еттік. Жобаның нәтижелері исламтану саласымен ғана емес, деректану, тарих пәндерімен де тығыз байланысты. Сол себепті жобаның қорытындылары гуманитарлық ғылымдардың бірнеше саласына жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.
Мақсаты	Жобаның мақсаты – әлемдік мұрағаттарда сақталған арабтілді дереккөздерді, материалдарды, базаларды зерттеу негізінде қазақ даласы ойшылдығының антологиясын жасау және ислам әлемінде танымал, ғылыми маңызға ие еңбектерге библиографиялық, тұжырымдамалық аннотация беру.
Міндеттері	Жобаның міндеттері: 1. Әлемдік мұрағаттарда бұған дейін дайындалған каталогтармен жұмыс жасау арқылы қазақ даласына байланысты мұрағаттарды анықтау және классификациялау; 2. Әлем елдерінің мұрағаттарындағы қазақ даласындағы мұсылмандық білімге қатысты еңбектердің тізімін жасау және соған сай қазақ жерінен шыққан тұлғалар мен олардың еңбектері туралы жан-жақты мәліметтерді жинақтау, тарихи кезеңдерге бөлу; 3. Қазақ жеріндегі білім мен ғылымның қалыптасу тарихынан хабар беретін мәліметтер жинақталған кітапханалар мен мұрағаттардағы қолжазбаларды жүйелеу, қазақ жеріндегі алғашқы діни білім беру негіздеріне қатысты туындыларды қарастыру; 4. Жақын мемлекеттердегі дереккөздердің негізінде қазақ жерінен шыққан ғалымдарды, олардың еңбектерін зерттеу және олардың тұлғалық қалыптасуына әсер еткен ортаны зерделеу арқылы мұсылмандық білімнің қалыптасу тарихын, сол тарихи кезеңдегі білім беру ерекшеліктеріне байланысты мәліметтерді сараптау; 5. Еуропа елдерінің архивтері мен кітапханаларынан табылған деректер негізінде қазақ даласына қатысты тың материалдарды жинақтау және сол арқылы мұсылмандық білім ерекшеліктерін салыстырмалы талдау жасау, тарихи кезеңдерге бөліп қарастыру; 6. Алыс шетелдердегі архив коллекцияларына жүргізілетін зерттеу жұмыстары негізінде қазақ даласына қатысты

	қолжазбалар тізімін құру, соның негізінде қазақ жерінің тарихы, білімі мен мәдениеті, ғалымдары мен ойшылдарын зерттеу. 7. Аралық нәтижелерді мақала ретінде ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымдарға жариялау; 8. Жобаның қорытындысы ретінде «Қазақ даласы ойшылдығының әлем мұрағаттарындағы арабтілді дереккөздер негізіндегі антологиясы» тақырыбында монография дайындау.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	Күтілетін нәтижелер: 1. Рецензиялаудан өткен және кемінде екі профессор ғылыми атағының және/немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесінің иегерлері жариялауға ұсынған постдокторанттың үлесі 6 б. п. кем емес 1 монография («Қазақ даласы ойшылдығының әлем мұрағаттарындағы арабтілді дереккөздер негізіндегі антологиясы») және рецензияланған шетелдік және (немесе) ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған отандық басылымдарда 5 мақала жариялау. Зерттеу жұмысының аралық нәтижелері ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған «ҚазҰУ хабаршысы. Дінтану сериясы» – 2, «ҚазҰУ хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы» – 1, «әл-Фараби» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер журналы – 1, «Адам әлемі» философиялық және қоғамдық-гуманитарлық журналында – 1 мақала жарияланады; 2. Жұмыс нәтижелерінің қазақ ойшылдарының қалдырған мұраларына қызығушылық білдіретін ғалымдар қауымдастығы және қалың жұртшылық арасында таратылуы; 3. Қазақ даласы ойшылдарының әлем мұрағаттарындағы каталогтарының қайта қаралып, бірізге түсірілуі; 4. Зайырлы қоғам мәдениетіне сай сапалы әдебиеттер даярлау мен білім беретін оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын даярлаудың бірыңғай әдістемелік тәсілдері заман талаптарына сай жетілдіру; 5. Қазақ даласындағы ислами білім орталықтарының қалыптасу мен даму үрдістерін талдау, Қазақстанда исламанулық білімнің тәжірибеде жүзеге асу жолдарын және жоғарыда келтірілген императивтерді енгізудегі талдаулар нәтижесінің рөлін анықтау; 6. Қазақстан қоғамының жағдайы мен даму тенденцияларын талдау мақсатында ислами білім орталықтарының бірыңғай ақпараттық қорын әзірлеу қажеттілігін негіздеу; 7. Қазақстандағы ислами білім орталықтарын зерттеудің тарихнамалық және деректанулық әдістемелік ұстанымын заманауи талапқа сай жетілдіру үшін әдебиеттердің бірыңғай деректік жүйесінің қолданылуы. Қол жеткізілген нәтижелер: Әлемдік каталогтарды зерттеу негізінде қазақ даласының тарихына, діни мәдениетіне, тұлғаларына байланысты мұрағаттар анықталды, классификацияланды. «Табақат пен таражум» дереккөздерін зерттеу нәтижесінде толық тізім жасалды және алынған материалдар бойынша қазақ жерінен шыққан тұлғалардың еңбектері туралы

	мәліметтер талданып, сарапталды. Бұхара, Самарқанд, Ташкент, Кония, Стамбул қалаларындағы архив коллекциялары мен кітапханаларындағы зерттеу жұмыстарына негізделіп, қолжазбалар тізімі құрылды, қолжазбаларға дерекнамалық талдау жасау арқылы тақырып аясында жобалық зерттеу жүзеге асырылды. Аралық қорытындылар нәтижесінде рецензияланған ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған отандық басылымда 1 мақала жарияланды. Джидда қаласына іссапар нәтижесінде қазақ жерінде ғылым мен білімнің қалыптасу тарихынан хабар беретін ақпараттарды және кітапханалар мен мұрағаттардағы қолжазбаларды жүйелеу арқылы қазақ даласы ойшылдығының антологиясына енетін отандық дерекнамалық қорлардағы мәліметтер алынды.
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, олардың идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелері	1. Жамашев Азамат Шутбаевич - Scopus Author ID: 57214683295, ResearcherID: AAD-4770-2022, ORCID: 0000-0002-5330-9437 https://www.webofscience.com/wos/author/record/2477959 2. Курманалиева Айнура Дурбелиновна - ResearcherID: ACW-3905-2022, Scopus Author ID: 57191406408, ORCID: 0000-0001-5299-2695 https://www.webofscience.com/wos/author/record/3025766
Басылымдар тізімі және олардың сілтемелері	Zhamashev A.Sh., Kurmanaliyeva A.D., Yeleussyzbayeva N.M. The Legacy of Scholars From the Kazakh Steppe in the Library of Suleymaniye // Әл-Фараби әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер журналы. – №3(87). – 2024. – Р. 31-43. https://doi.org/10.48010/2024.3/1999-5911.04
Патенттер туралы ақпарат	-